

Strategy of a sustainable development of rural territories of Kazakhstan is developed and proved in modern conditions.

УДК

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

ECOLOGICAL AUDIT AS THE MAIN TOOL PRESERVATION OF THE ENVIRONMENT

Г.А. Иманова
G.A.Imanova

М. Әуезов атындағы ОҚМУ

Адам мен қоршаған ортаның өзара байланысының табиғат пен қоғамның өзара әсерлерінің мәнін анықтау барлық уақыт кезеңдерінде әртүрлі философиялық мектептердің және бағыттардың қызығушылығын тудырған. Табиғат пен қоғамның өзара әсерлері қазіргі кезде антропогендік экоцидтің барлық белгілерін иемденеді — адамдар өмір сүрудің қажетті жағдайларын, тіпті өздерінің тіршілік етуін бұзуда.

XX ғ. ортасына дейін табиғат таусылмайтын ресурс ретінде, ал экологиялық мәселелер шешілетін мәселелер ретінде қабылданған. Ғылым өркениеттің табиғатқа әсер етуінің күрделі мәселесін көп уақыт бойы байқамады. Бұл жөнінде сауалды бірінші болып В.Н. Вернадский қойды. Ол адам қызметінің биосфераға ықпал етуінің қуаты XX-ғасырдың басына қарай геологиялық және табиғи құбылыстармен сәйкес келмейтіндіктерін дәлелдеді. Өркениеттің дамуының магистралды жолы табиғаттың күйреуіне алып келе жатқандығы туралы қорытынды шығару үшін ғылыми ойға бірнеше онжылдықтар қажет болды, ол адамзаттың тіршілік етуінің заңдарына қайшы келеді. Экологиялық күйреудің мүмкіндігі туралы алдын-ала хабарламайтын мұндай қорытынды XX ғ. ғылыми ашылымға байланысты — қоршаған ортаны зерттеу объектісі ретінде қабылдануда. Экологиялық аудит қоршаған ортаның ластануын және радиацияның стандарттарына сәйкес келетін дәрежені анықтайтын тексерулерді жорамалдайды.

Бұл тәсіл бойынша кәсіпорынға қауіп төндіріп тұрған өмірде бар және болашақ экологиялық тәуекелдіктерді анықтауға болады. 70-жылдардың басында Еуропа және Солтүстік Америка елдерінің компаниялары қоршаған ортаға тигізген зияны үшін заңды түрде жауапкершілікке тартыла бастады, сондықтан олар өздерінің қызметтерінің экологиялық заңдардың нормаларына сәйкестігін бағалай бастады. Көптеген белгілері бойынша мұндай бағалау қаржылық аудитке ұқсас келді, сондықтан ол экологиялық аудит деп аталып кетті. Экоаудит кең көлемде дамыды (қалдықтарды минимизациялау мәселелері, профессионалды аурулардың сауалдары, нақты табиғи ортаның ластануын бақылау, кәсіпшілік тазалығы және т.б.), сондықтан “экоаудит” терминінен басқа денсаулық, қоршаған ортаның қауіпсіздігі және табиғатты қорғау қызметі жайлы мәселелер бойынша “аудиттеу” термині кең таралды.

Экоаудиттің бағдарламалары мен процедуралары субъектінің экологиялық жауапкершілігінің дәлелдемесі болуы мүмкін.

Экологиялық аудиттің міндеттері. Халықаралық тәжірибені есепке ала отырып экоаудиттің негізгі міндеттерін егжей-тегжейлі көрсетуге болады:

- табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі жөнінде сенімді ақпарат алу, өнімнің экологиялық маркировкасы мен экологиялық жаңа технологияларын енгізу арқылы олардың халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- шаруашылық жүргізуші субъектілерге экологиялық талаптардың, нормалардың және ережелердің орындалуына бағатталған алдын-ала ескерту шараларын жүзеге асырудағы өз бетімен басымдықтарды қалыптастыру мен экологиялық саясатты реттеуде қолдау көрсету;

- сақтандыру және қаржы-несиелік ұйымдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық тәуекелдігінің төмендеуіне жағдай жасау;
- табиғатты пайдалануды реттеудің негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін құралдар жинағын құру;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті қызметтің басқа да саларымен интеграциялау, “экологиялық шот жүргізуді” енгізу;
- экоаудиттің халықаралық принциптерін, әдістерін және процедураларын пайдалану;
- экологиялық бухгалтерлік есеп және аудит бойынша мамандарды дайындау;
- қорытынды есеп беру мәліметтерінің табиғатты пайдалану саласындағы нормативтерге сәйкестігін анықтау;
- табиғатты пайдалану саласындағы кәсіпорын мен оның құрылымдарының “ауру” жерлерін анықтау, олардың келтіретін зиянын анықтау және оларды жою, олардың алдын-алу бойынша шараларды ұсыну[1].

Экологиялық аудит экологиялық экспертиза және экологиялық инспекциямен қатар тең құқылы жағдайды иемденуі қажет. Ең бастысы экологиялық аудит қосымша бюджеттік шығындарсыз қоршаған табиғи ортаны қорғауды басқаруды нығайтуға, экоманеджменттің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сондықтан да мемлекет экологиялық аудитті дамытуда және сәйкесінше оның әрекет етуі үшін құқықтық және нормативтік негіздерді құруда қызығушылық танытуы қажет. Экологиялық дағдарыстың қауіпті көріністерінің бірі - су, жер ресурстарының азаюы мен ластануы, қауіпті стихиялық апаттардың бас көтеруі, ормансыздануы, биологиялық көптүрліліктің түрлерінің қысқаруы және де осының салдарының бірі ретінде республика аймақтарының 60%-ының шөлге айналуы болып табылады. Адам денсаулығына ең көп зиянды ауа бассейнін ластануы әкеледі. Ол глобалды және аймақтық экологиялық жағдайдың қалыптасуына шешуші әсер ететіннің ішіндегі ең көп салалысы болып табылады. Өйткені, бұл сфера зиянды заттарды тастаулардан қорғалмаған және өнімдерінің алмасуы арқылы тікелей байланысқа түседі. «Ауаның ластану процесі» деген түсінік әуе ортасын ластанушы қалдықтардың тасталынуын білдіреді. «Ауаның ластануы» терминін онда ластанушы заттардың бар болуы немесе ауаның құрамында кездесуі деп түсінуге болады, оған қоса осы ластануды қабылдаушыларға ұзақ мерзім бойы кері әсер ететіндей мөлшерде болатынын білдіреді. Қазақстан бойынша зиянды заттардың тасталынуының жиынтығы бойынша ерекше орындарды келесі аймақтар алады: Қарағанды (43,4%); Павлодар (18,9%); Шығыс Қазақстан (7,1%); Атырау (5,8%) облыстары. Олар Қазақстанның басты өнеркәсіптік аймақтары болып табылады. Атмосфералық мәселелерді шешу, келтірілген мәліметтерден көрініп отырғандай, осы аймақтардың, олардың үлесіне республиканың стационарлы өнеркәсіптік көздерінен жалпы тасталынатын зиянды заттардың 76,5%-ы тиесілі болғандықтан, күш салуға байланысты болып отыр. Атмосфераның ластануының негізгі көзі энергетикалық өнеркәсіптік кәсіпорындары болып табылады. 2008ж өнеркәсіптік көздерден тасталынған жалпы тасталым көлемінің ішінен энергетикалық өнеркәсіптік кәсіпорындардың үлесіне 1098,5 мың тонна келіп отыр.

Кез келген қаланың және өнеркәсіп орталығының атмосферасында кездесетін, ең көп таралған ластанушылар - жалпы зиянды заттардың жиынтығының 95%-ын құрайтын қатты заттар (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкірт ангидридтері, көмірсутектер болып табылады. Жамбыл облысында өнеркәсіп қалдықтары 3,3 мың га жерді алып жатыр, олардың сол жерлерде 58 млн. т. жиналған, соның ішінде 33 млн. т. радиоактивті қалдықтар. Облыстық қоршаған ортаны қорғау бөлімдері тарапынан жер ресурстарына келтірілген экономикалық зиянды жою үшін шаралар қолданылады. Республикамызда 184 мың га жер құртылған, солардың ішінде рекультивациядан 59 мың га жер өтуі керек. Бірақ бұл бағытта жұмыстар өте баяу жүріп жатыр. Мысалы, Жамбыл облысында рекультивациядан 1008 га жер өту керек, ал соңғы 4 жыл ішінде құртылған жердің бір де бір гектары рекультивацияланбаған.

Оңтүстік Қазақстан облысының ластанушы зат түрлерінің саны 7 мыңнан асып жығылады. Өнеркәсіп орындарының әуеге шығарылатын шаң - тозандарды ұстап қалатын құрал - жабдықтармен қамтамасыз етілуі небәрі 65% төңірегінде ғана. Ал, қала халқының әрбір тұрғынына шаққанда жылына 260 килограмм зиянды қалдықтар қоршаған ортаға шығарылады. Оның ішінде құрамында қорғасын, фосфор қосылыстары бар заттар, фторлы сутек, аммиак, көмір қышқыл газы, азот оксидтері, күкіртті газ және өзге құрылыс мекемелерінің қоқыстары бар. Қоршаған ортаға

шығарылатын жалпы қоқыс мөлшерінің зиянды заттар үлесінің 40% автокөліктердің іштен жану двигательдерінің жұмысы нәтижесінде түзілген газдар құрайды. Оңтүстік Қазақстан облысында суды тиімді пайдалану да өз дұрыс шешімін күткен мәселе. Жыл сайын өнеркәсіп, ауыл шаруашылық жұмыстары мен тұрмыс қажетін өтеу, күн - көк саласында таза судың 6 шаршы метр мөлшері жұмсалады және мұның 4,2 бөлігі мөлшері облыс аймағындағы су көздерінен түзіледі. Таза судың 90% астамы ауыл - шаруашылық жұмыстарында пайдаланылады. Суару жүйелерінде 1 шаршы метр мөлшеріндегі су ысырапқа ұшырайды. Соңғы 10-15 жыл ішінде облыс ауқымындағы 40-шақты шағын өзендер суалып, тартылып кетті. Облыс аймағында орман алқабы 1,3 миллион гектардай алаңды алып жатыр, яғни небәрі 12%, ал, бұл көрсеткіш негізінде 22-26% болуға тиіс еді. Орман қорына кіретін 1 миллион гектардай жер бетіне ағаш отырғызылған емес және мұның 97% ауыл шаруашылық мекемелері мен жайлымы үшін пайдаланылады. Ал, бұл жер қыртысының нығыздалып су эрозиясына жол ашады. Су қоймасы, тоғандардағы балық дүниеліктерін жөнді - жосықсыз пайдалану олардың күрт азаюына, ал, тіпті кейбір түрлердің жойылып кетуіне де әкеліп соқтырды[2].

Республикамыздың территориясының көп бөлігі қоршаған ортаның табиғи ерекшеліктері бойынша шөл мен шөлейт аймаққа жатады. Табиғи және тарихи қалыптасқан орны мен табиғатты пайдалану жүйесінің жағдайлары қазба шикізаты мен оны өңдейтін экономикалық өндірістік кешендері және әскери объектілері экология жағынан Республиканың әлсіз табиғи жүйелері мен тұрғын халқына жоғары дәрежелі және экстремалды техногенді зияны әсерін тигізеді. Осыған байланысты елімізде қолайсыз, ал кейбір аймақтарда экологиялық апат келтіретін жағдайлар туып отыр. Экологиялық апаттың ең қауіпті көрінулері - аймақтардың техниканың зиянды әсерінен шөлге айналуы, топырақтың құнсыздануы, су ресурстарының ластануы және азаюы, атмосфераның ластануы, ормандар мен жан-жануарлардың биологиялық ген қорларының күйреуіне, табиғат пен өндірістік апаттардың туу қаупі, улы заттар қалдықтарының жиналуы болып табылады.

Десекте, осыған орай жасалынып жатқан жұмыстарға назар аударсақ. Табиғатты қорғау бойынша мемлекеттік бақылауды жүргізетін талаптар барынша күшейтіліп, 2007 жылы министрліктің бастамасына орай сот органдарының шешімдерімен 226 кәсіпорындардың қызметі уақытша тоқтатылған. Нәтижесінде 40 миллиард теңгеден астам сомаға талаптар келтіріліп, айыппұл салынған. Осының есебінен табиғат қорғау заңын бұзушылық 2006 жылмен салыстырғанда 20 пайызға төмендеген. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау аясында Қазақстанның халықаралық ынтымақтастығы және ондағы алатын орны тереңдей түсуде[3]. Десекте, жоғарыдағы келтірілген деректер ағынынан байқағанымыздай бізге әлі де, экология саласында тың өзгерістер мен жаңа серпіндерге жол ашу қажеттігі айқын байқалады. Қоршаған ортаны қорғау тек мемлекеттің емес, өмір сүретін адамзаттың әрбірінің маңызды міндеті болуы тиіс. Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан іс әрекеттер ауқымы да аз емес. Өз кезегінде өмір сүретін ортаның актуалды проблемаларын алдын алу мен ауадағы зиянды заттарды болдырмауды іске асыруға барын салуда. Осы жерде экологиялық аудиттің маңызды орын алатындығын айта кетпесек болмас, экологиялық аудит қоршаған ортаға зиян шығарып отырған өндірістерді тәуелсіз тексеруші болып табылатындықтан, өз кезегінде, қоршаған ортаны қорғау бойынша көлемді қызметтерге ие. Әсіресе, нарықтық экономикада дербес әрекет ететін заңды тұлғалардың салықтық төлемдері мен қоршаған ортаға келтіріп отырған зияндары бойынша анықталуы қажет критерийлер экологиялық аудит көмегімен жүзеге асырылатындықтан, бұл саланың қоршаған ортаны қорғаудағы орыны ерекше болып табылады.

Экологиялық аудитті жүйелі басқару, бұл әрбір кәсіпорын ішінде болып жатқан жағдайларды реттеу механизмі болып табылады. Мемлекетіміздің саясатына сәйкес халықаралық сапа стандарттарын енгізу бағдарламасы жасалған. Бірақ бұл бағдарламада өз жемісін бермей келе жатқаны анық. Осы енгізілген стандарттарды жүйелі басқару механизмі негізінде ішкі аудит негізінде экологиялық шығындарды халықаралық стандартқа сәйкес тексерілуін бақылау болып табылады. Қазақстанда нарықтық экономиканы дамыту өндірісті дамытудың жаңа басымдықтарын анықтады. Қазақстанда өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; өндіруші өнеркәсіптен қайта өңдеуші кәсіпорынға көшуді жүзеге асыру; халықтың өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандыру; тұтынылатын өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін құру.

Отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, отандық өнімнің қауіпсіздігін, қазақстандық өнімнің

шетел рыногына шығаруды кеңейтуді қамтамасыз ету жөніндегі проблемаларды шешу өнім сапасын жоғары деңгейге жеткізуге, қазіргі заманғы менеджмент жүйелерін енгізуге шоғырландырды. Индустриалды дамыған елдерде бұрыннан қарқынды бәсеке және өндірістің технологиялық күрделенуі қазіргі заманғы менеджмент жүйелерін енгізуді және қолдауды жасады. Экологиялық аудиттің маңыздылығы сол, көптеген қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша болып жатқан олқылықтар мен өнеркәсіптерде орын алатын жалтарушылықтар мен алаяқтық іс әрекеттерді ауыздықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, қоршаған ортаны қорғау саласындағы жасалынатын іс шаралар кешенін жасақтауға, өз кезегінде екпінді ықпалын тигізеді. Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламалардың жүзеге асырылуы өз кезегінде қоршаған ортаны залалсыздандырады. Қолданыстағы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң экологиялық аудитті жүзеге асыру тәртібі, экологиялық аудиторлық қызметтің, аудиторларды аттестаттаудың, экологиялық аудитті жүргізудің тәртібі мен шарттары, экологиялық аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың құқықтары мен міндеттері және жауапкершілігі заңнамамен белгіленеді. Қоршаған ортаны қорғау туралы кодекс елімізде экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруда мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың арасында туындайтын қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді. Қоршаған ортаға қамқорлық табиғи байлықты сақтап, оның байырғы қалпында келешек ұрпаққа мұраға қалдырылуы кез келген мемлекет саясатындағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Бұл басым бағыт тек мемлекеттің ғана емес, елімізде өмір сүретін әрбір азаматтың маңызды міндеті мен борышы болып табылатынын ұмытпаған жөн.

1. З.И Ажібаева, Н.А Байболтаева, Ж.Ғ.Жұмағалиева. Аудит: оқулық - Алматы Экономика - 2006ж
2. “<http://www.nature.kz/kaz/ministerstvo/min.php>”//ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы. Оқу құрал – М.:КНОРУС, 2005ж.
3. «Экологический аудит»// Серов Г.Л // Москва 2006г.

* * *

В статье рассматриваются экологический аудит как главный инструмент охраны окружающей среды в Республике Казахстан.

In article are considered ecological audit as the main tool preservation of the environment in Republic Kazakhstan.

УДК 631.1

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПРЕИМУЩЕСТВ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ СУБЪЕКТАМИ АГРОКОМПЛЕКСА НА ОСНОВЕ ВЫПОЛНЕНИЯ ПРИНЦИПОВ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО МЕНЕДЖМЕНТА

DEFINITION OF ADVANTAGES OF THE CONTROL SYSTEM BY SUBJECTS OF THE AGROCOMPLEX ON THE BASIS OF PERFORMANCE OF PRINCIPLES OF ECOLOGICAL MANAGEMENT

Рустембаев Б.Е. - д.э.н., профессор, Каскатаев Н.М. - к.э.н., доцент
Rustembaev B. E., Kaskataev N.M.

АО «КАТУ им. С.Сейфуллина», г. Астана

На уровне отдельных отраслей экономики влияние экологического фактора неоднозначно и в значительной степени зависит от типа отрасли. В сельском хозяйстве в последние годы все сильнее ощущается давление со стороны потребителей, требующих повышения не только экологической